

Қазақстан Республикасының судьяларына арналған арнаулы киім нысаны - мантия үлгісін, сипаттамасын және тиесілілік нормасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 11 шілдедегі N 4009 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.

"Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 желтоқсандағы Конституциялық Заң күші бар N 2694 Жарлығының 59-бабының 3-тармағына және 80-бабының 2-тармағына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының судьяларына арналған арнаулы киім нысаны - мантияның үлгісі мен сипаттамасы бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Тиесіліліктің мынадай нормасы - әрбір судьяға 3 жыл мерзімге бір мантия б о л ы п б е л г і л е н с і н .

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы судьяларын мантиялармен қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдансын.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

1 9 9 8 ж ы л ғы 1 1 ш і л д е д е г і

N 4 0 0 9 Ж а р л ы ғ ы м е н

б е к і т і л г е н

Қазақстан Республикасының судьяларына арналған арнаулы киім нысаны - мантияның сипаттамасы

Қазақстан Республикасының судьяларына арналған арнаулы киім нысаны түсі белгіленген үлгідегі (қызыл күрең) жоғары сапалы жібек матадан тігіледі.

Нысан астарлы ұзын мантиядан, бас киімнен, өңірліктен (әйелдер үшін) т ұ р а д ы .

Мантия трапеция пішінді, желбегей нысанды. Арқалығы тұтас пішілген, етегі еркін төгіліп тұрады. Әйелдерге де, ерлерге де арналған киімнің сол жақ өңірі тұтас пішілген, ажыратпалы ысырамасы қоса тігілген қаусырмасы бар.

Тік қима жағасы қызыл күрең түсті арқауы жібек мақпалдан тігілген. Жағаның өңір мен арқалыққа қалыптасқан тұсындағы жиегі көгілдір түсті әдіппен бастырылып, алтын бау тартылған. Өңірінің жиегі қызыл күрең түсті мақпалмен әдіптелген.

Қима жеңдері бір тігісті, еркін нысанды, негізгі материалдан тігістеліп жүргізілген әдібі бар.

Астарының сол жақ қапталына жапырақша қалта салынған. Жеңнің тысы, арқалық, өңір, қаптал, өңірше, жаға, әдіптер, жиекшелер "дублерин" типтес желімді астарлық матамен қосарлана қатталып тігілген.

Арқалығы "коленкор" үлгісіндегі астармен қатталған. Жеңді оңтайлы қондыру үшін және оны қырқылудан қорғау үшін төменгі тыс қатқыл матамен және синтепонмен қосымша көмкерілген. Иықтарының астына қатқыл астарлы поролон жүргізілген.

Бас киім ерлер үшін де әйелдер үшін де қызыл күрең жібек тоқыма мақпалдан тігілген. Ер адамдардың бас киімі жай үлгіде, жоғарғы жағында тарылған, ал әйелдердің бас киімінің жоғарғы жағы сәл кеңейтілген пішінді болып келеді. Бас киімнің қатырмасының сол жақ бөлігінде алтын зермен "Өмір жолы" деген жазба өрнектелген. Табанында солярлық бейне түріндегі өрме баудың үш үзігі қатырмаға ұласып, әшекеймен әнтек үйлесім тапқан. Бас киім қалыпталған тұрпатта жоғары сапалы жүн арқаулы мақпалдан тігіледі де, астары жібектен жасалды.

Әйелдерге арналған өңірлік мақта-матадан жасалған маркизеттен тігіледі. Өңірлік бес бүрме салынған, тік жағалы болып келеді.

Киім мен қолданылған материалдардың, түр-түсінің құбылуы, жағаның, әдіптердің, жиектердің нысаны, өрнектер мен бейне-нышандар қатаң реттелген.